



## СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА РК

\*Г.К. Нурғалиева<sup>1</sup>, Л. А. Омарбакиев<sup>2</sup>, У.К. Джақшиева<sup>3</sup>,  
А. К. Низамдинова<sup>4</sup>, М.Б. Сейдуанов<sup>5</sup>

<sup>1,4,5</sup>Казахский Национальный Университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> Университет Туран, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> Казахский Национальный педагогический Университет им.Абая, Алматы, Казахстан

**email:** [zolota08@mail.ru](mailto:zolota08@mail.ru)

**Резюме.** В статье рассмотрены принципы, компоненты и методы государственного аудита, государственного контроля в Республике Казахстан. В условиях глобализации потребность в различных государственных механизмах, государственном контроле над социально-экономическими системами в развитии экономики Республики Казахстан растет день ото дня. Преимущества государственного аудита - правильная реализация экономической политики и эффективное управление бюджетными средствами государства.

Основная цель статьи - не критика действий, предпринимаемых в сфере государственного аудита, а попытка структурировать и урегулировать актуальные вопросы в этой сфере.

**Ключевые слова:** Счетный комитет, государственный аудит, государственный финансовый контроль, ревизионные комиссии, бюджетные средства, государственные органы, квазигосударственный сектор, служба внутреннего аудита, внутренний финансовый контроль, мониторинг, ревизия.

## CONDITIONS FOR THE DEVELOPMENT OF STATE AUDIT IN KAZAKHSTAN

\*G.K. Nurgaliyeva<sup>1</sup>, L.A. Omarbakiyev<sup>2</sup>, U.K. Dzjakysheva<sup>3</sup>,  
A.K. Nizamdinova<sup>4</sup>, M.B. Seiduanov<sup>5</sup>

<sup>1,4,5</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

<sup>2</sup> Turan University, Almaty, Kazakhstan,

<sup>3</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,

**email:** [zolota08@mail.ru](mailto:zolota08@mail.ru)

**Summary.** The article discusses the principles, components and methods of government audit, government control in the Republic of Kazakhstan. In the context of globalization, the need for various state mechanisms, state control over socio-economic systems in the development of the economy of the Republic of Kazakhstan is growing day by day. The advantages of state audit are the correct implementation of economic policy and effective management of state budget funds.

The main purpose of the article is not to criticize the actions taken in this direction, but rather to try to structure and regulate the current issues in this area.

**Key words:** Accounts Committee, State Audit, State Financial Control, Audit Commissions, Budget Funds, Government Agencies, Quasi-Public Sector, Internal Audit Service, Internal Financial Control, Monitoring, Audit.

МРНТИ 06.35.31

УДК 657 (075.8)

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.05>

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕП ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.С.Сапарбаева<sup>1\*</sup>, Ж.М. Жумағалиева<sup>2</sup>, Б.О. Туребекова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақ технология және бизнес университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**e-mail:** [saulet71@mail.ru](mailto:saulet71@mail.ru)

**Түйін.** Мақалада қаржылық есептілік халықаралық стандарттарының есеп жүйесін стандарттандырау және үйлестіру маңызды элементі ретінде орны мен маңызы қарастырылады. Үйлестіру әр елдің бухгалтерлік есеп стандарттарының қозғалысына мүше елдердегі ұқсас стандарттарға сәйкес келуін, яғни бір-біріне қатысты «үйлесімділікті» білдіреді. Бухгалтерлік есеп процедураларын стандарттау деп кез-келген елде қолданатын стандарттардың бірыңғай жасынтығын жасау танылады, оның нәтижесінде ұлттық стандарттарды құрудың қажеті жойылады.

Зерттеу барысында заманауи ұйымдардағы есеп қызметін стандарттау жолымен қаржылық есептілікті үйлестірудің қазіргі жай-күйі, қорытындылары мен перспективалары танылды; отандық ұйымдардың қазіргі кезеңдегі қаржылық есептілігін үйлестірудің проблемалары мен оларды шешу жолдары анықталды.



*Зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар отандық кәсіпорындардағы қаржылық есептілікті үйлестіру кезінде туындайтын мәселелерді анықтап, оларды шешу тәжірибесінде қолданылуы мүмкін*

**Түйінді сөздер:** қаржылық есептілік, үйлестіру, стандарттау, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, халықаралық қатынастар, бухгалтерлік есеп.

**Негізгі ережелер.** Қазіргі әлемдік экономиканың ең маңызды сипаттамасы интеграциялық процестердің дамуы болып табылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі, бәсекелестіктің жаңа бағыттарының пайда болуы нәтижесінде жекелеген экономикалық субъектілерге немесе мемлекеттерге әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында өз ұстанымдарын сақтау қиынға соғады. Бұл жекелеген мемлекеттердің материалдық, өндірістік, қаржылық, еңбек, инновациялық ресурстарының ынтымақтастығы мен интеграциясы қажеттілігін түсіндіреді. Әлемдік қоғамдастық қағидаттарды, ережелер мен бухгалтерлік есеп стандарттарын жақындастыру үшін белсенді қадамдар жасауда. Сонымен, 22-ші сессия шеңберінде халықаралық капитал нарықтарының өзара тәуелділігін мойындай отырып, ISAR (бухгалтерлік есеп пен есептіліктің халықаралық стандарттары) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын әлемдік экономиканың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ете алатын 12 жаһандық стандарттардың бірі ретінде анықтады.

ЕАЭО мүше мемлекеттерінің құқықтық өрісінің ерекшелігі олардың ұлттық есеп жүйелеріндегі айырмашылықтарды анықтайды

**Кіріспе.** Зерттеудің негізгі мақсаты есеп қызметін стандарттау жолымен қаржылық есептілікті үйлестірудің қазіргі жай-күйін, қорытындыларын мен перспективаларын тану болып табылады.

Қазіргі әлемдік экономикада бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің бірыңғай стандарттарын енгізу мәселесі өзекті болып қала береді. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің халықаралық әмбебап стандарттары әлемдік аренада шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында берік кедергісіз қатынастар орнатуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда үйлестіру экономикалық шешімдерді қабылдауға қатысатын ақпарат пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Бұл тұрғыда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының қазіргі таңда рөлі мен маңыздылығы жоғары, сонымен қатар бухгалтерлік есеп жүйесін стандарттау мен үйлестірудің маңызды элементі болып табылады.

**Мәселенің қойылымы.** Үйлестіру немесе гармонизациялау әрбір елдің есепке алу стандарттарының қоғамдастыққа мүше елдердегі ұқсас стандарттарға қарама-қайшы еместігін, яғни бір-біріне салыстырмалы «үйлесімін» болжайды. Есепке алу процедураларын стандарттау дегеніміз – кез-келген елде қолданылатын стандарттардың бірыңғай жиынтығын әзірлеу, оның нәтижесінде ұлттық стандарттарды құрудың қажеттілігі жойылады. Халықаралық қатынастар деңгейіне әлдеқашан өткен ұйымдар арасындағы экономикалық байланыстардың өсуі түрлі пайдаланушылардың қаржылық есептілік көрсеткіштерін дұрыс түсіну қажеттілігін шиеленістірді және оны үйлестіру проблемасы бірінші кезекке қойылды. Бұл мәселені шешу үшін халықаралық қауымдастық есеп жүргізу мен есептілікті қалыптастыру қағидаттары мен ережелерін жақындастыру үшін белсенді шаралар қабылдануда. Осы мақсатта кейбір елдер топтары үшін міндетті болып табылатын бухгалтерлік есептің аймақтық стандарттары жасалып, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) құрылды.

Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары (ХҚЕС) – бұл халықаралық қаржы есебі стандарттары жөніндегі Комитет (ХҚЕСК) қабылдаған Стандарттар мен Түсіндірмелер.

ХҚЕС басты мақсаты – егер мыналар анықталып, қол жеткізілсе, қаржылық есеп беруді ұсыну:

- міндеттер, оларды шешу үшін қаржылық ақпарат талап етіледі;
- ақпараттық жүйе құру принциптері;
- осы ақпараттың сапалық сипаттамалары;
- қаржылық есеп беру элементтері [1].

Қаржылық есеп берудің негізгі мақсаты қызығушылығы бар тұлғаларға қаржылық жағдай, субъектінің қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайындағы өзгерістер жайлы ақпарат ұсыну болып табылады. Дегенмен, қаржылық есеп беру тиімді экономикалық шешім қабылдау үшін пайдаланушыға қажетті барлық ақпаратты енгізе алмайды, себебі есеп негізінде өткен оқиғаларды ғана бейнелейді.

Алайда қаржылық есеп беруде сонымен келесі көрсетілгендерге пайдалы ақпаратты жинақтайды:

- кредиттерді ұсыну жөніндегі инвестициялық шешімдерді қабылдауға;
- субъектінің алдағы ақшалай түсімін бағалауға (ақша қаражаттары мен оның баламаларының «овердрафт») қанағаттандыру үшін арналған қаражатты клиенттің шоты бойынша есептен қарау);
- субъектінің ресурстары мен міндеттемелерін қарауындағы ресурстармен байланысты бағалауға;
- басшы органдардың жұмысын бағалауға [2].

**Зерттеу әдісі.** Мақала жазу барысында жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде: салыстырмалы, логикалық және статистикалық талдау, сондай-ақ дедукция мен болжау тәсілдері қолданылды.



**Талқылаулар мен нәтижелер.** Қаржы есептілігі ұйымның қаржы жағдайын, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын айқын көрсетуі тиіс. Айқын есептілік бекітілген «Концепцияда» активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстарға берілген анықтамалар мен оларды тану критерийлеріне сай бизнестік операциялардың нәтижелері, басқада жағдаяттар мен жағдайлар жөнінде шынайы есептілікті талап етеді. Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарын (IFRS) қажет болған жағдайда – ақпаратты қосымша ашып көрсету арқылы қолдану айқын есеп беру міндетін шешетін қаржы есептілігін қалыптастыруға әкеледі деп көзделеді.

Іс жүзінде кез келген жағдайларда қолданылып жүрген Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкестік әділ ұсынуға жеткізеді. Әділ ұсыну сондай-ақ ұйымнан мыналарды талап етеді:

а) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және қателіктер» (IAS) ХҚЕС-ында сәйкес есеп саясатын таңдау және қолдану. 8 ХҚЕС-ында ХҚЕС жоқ болған жағдайда басқару барсысы тиісті бапқа мақсатты түрде 8 ХҚЕС-ында берілген құзыреттілік иерархиясының басшылығын қарастырады.

б) ақпаратта есеп саясатымен қоса алғанда мәнді, сенімді, салыстырмалы және түсінікті түрде ақпарат беріледі.

с) Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарының тиісті талаптарын сақтау нақты операциялардың, басқа оқиғалар мен жағдайлардың ұйымның қаржы жағдайы мен қызмет нәтижелеріне ықпалын пайдаланушылардың түсіне алуы үшін жеткіліксіз болған жағдайларда ақпараттың қосымша ашып көрсетілуін қамтамасыз ету [3].

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес нормативтік актілерді, бухгалтерлік есеп стандарттарын және қаржылық есептілікті дайындау мен ұсынуға қатысты рәсімдерді үйлестіруге ұмтыла отырып, осы алшақтықтардың ауқымын қысқартуға ниетті болды. Кеңес одан әрі үйлестіруге экономикалық шешімдер қабылдау кезінде пайдалы ақпарат беру мақсатында дайындалатын қаржылық есептілікке назар аудару арқылы ең жақсы түрде қол жеткізуге болады деп есептеді.

Осы мақсатта ХҚЕС жөніндегі кеңес «Тұжырымдамалық негіздерді» 2010 жылдың қыркүйегінде шығарды. Олар «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасын» алмастырды.

Тұжырымдамалық негіздердің мақсаты келесідей болып белгіленді:

а) жаңа ҚЕХС әзірлеу және қолданыстағы ҚЕХС қайта қарау кезінде кеңеске жәрдемдесу;

б) кеңеске ХҚЕС жол беретін есепке алудың баламалы тәртібі жағдайларын азайту үшін негіз құру жолымен қаржылық есептілікті ұсынуға қатысты нормативтік актілерді, қаржылық есеп стандарттарын және рәсімдерді үйлестіруді ілгерілетуге жәрдемдесу;

с) қаржылық есептілік стандарттарын әзірлейтін ұлттық органдарға қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын әзірлеуге жәрдемдесу;

д) қаржылық есептілікті жасаушыларға ХҚЕС-ті қолдануда және нақты ХҚЕС-тің мәні болмаған мәселелерді қарастыруда жәрдемдесу;

е) қаржылық есептілік ХҚЕС-ке сәйкес келе ме, жоқ па деген пікірді қалыптастыруда аудиторларға жәрдемдесу;

ф) қаржылық есептілікті пайдаланушыларға ХҚЕС-ке сәйкес жасалған қаржылық есептіліктегі ақпаратты түсіндіруде жәрдемдесу [4].

Алайда осы тұжырымдамалық негіздер ҚЕХС құрамындағы құжат болып табымайды және нәтижесінде ақпаратты бағалаудың немесе ашудың нақты мәселелері бойынша нормаларды белгілемейді.

Ұйымдардың қаржылық есептілік көрсеткіштерін үйлестіру көздерін қарастыру кезінде бухгалтерлік есептің ұлттық және халықаралық жүйелерін дамытудың қазіргі заманғы ерекшеліктерін ескеретін, барлық ықтимал пайдаланушылардың қаржылық есептілік көрсеткіштерін барабар түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған түрлі елдердегі қолданыстағы есептіліктерге назар аудару қажет.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, есеп қызметін стандарттау жолымен қаржылық есептілікті үйлестірудің қазіргі жай-күйін, қорығындылары мен перспективаларын тану; қаржылық есептілікті үйлестіруге қол жеткізу тәсілі ретінде трансформацияның теориялық негіздерін ашу; отандық ұйымдардың қазіргі кезеңдегі қаржылық есептілігін үйлестірудің проблемаларын және оларды шешу жолдарын тану қажет.

Профессор М. И. Кутердің пікірінше, кең мағынада «экономикалық үдерістерді, қатынастарды, тауарларды, салықтарды үйлестіру деп өзара келісуді, жүйеге мәліметтерді, біріздендіруді, үйлестіруді, ретке келтіруді, өзара сәйкестікті қамтамасыз етуді түсіну қажет» [5, 534 б.].

Негізгі сипаттамалары ретінде біз автордың пікірімен ортақтасамыз. Үйлестіру идеясы әрбір ел бухгалтерлік есепке алуды ұйымдастырудың жеке моделін және оны реттеуші стандарттар жүйесін еркін құра алатындығында жатыр. Бұл стандарттардың Еуропалық Одақ (ЕО) елдеріндегі ұқсас стандарттарға қайшы келмеуі, яғни олармен салыстырмалы өзара үйлесімде болуы қажетті шарт болып табылады.



Үйлестіру идеясы мемлекетте халықаралық есептілік стандарттарына қайшы келмейтін есепке алуды ұйымдастырудың бірыңғай ішкі моделін құру болып табылады.

Осы мақаланың аясында біз қаржылық есептілікті үйлестіру мәселелерін толығырақ қарастырамыз.

Бүгінгі таңда қаржылық есептілікті үйлестірудің екі деңгейі белгілі – жергілікті және халықаралық.

Халықаралық деңгейде қаржылық есептілікті үйлестіру жекелеген елдің қаржылық есептілігі ҚЕХС талаптарына сәйкес келуі тиіс дегенді білдіреді. Халықаралық деңгейде қаржылық есептілікті үйлестіру ұзақ және уақытты қажет ететін процесс болып табылады. Жергілікті деңгейде қаржылық есептілікті үйлестіру континенттік топқа кіретін жеке елдегі қаржылық есептілік қандай да бір континент елдерінің есепке алу стандарттарының талаптарына сәйкес келуі керек деп болжайды. Мысалы, Еуропалық қоғамдастық елдерінің есеп және аудит жөніндегі өз директивалары, қаржылық есептілікті үйлестіру жөніндегі өз талаптары, трансұлттық ұйымдардың есептерін үйлестіру бойынша жинақталған тәжірибесі бар.

Қаржылық есептілікті үйлестіру әдістері елеулі және формальды болуы мүмкін. Есептілікті үйлестірудің елеулі тәсілдері деп есепке алудың ішкі және халықаралық стандарттарын (есепке алу мен есептілік қағидаттарын, ұғымдарын, әдістерін, рәсімдерін) жақындастыруды және осы негізде үйлестірілген қаржылық есептілікті жасауды түсіну керек. Қаржылық есептілікті үйлестірудің формальды әдісі деп басқа елдің немесе елдер тобының есепке алу қағидаттары мен стандарттарының жұмыс істеуі жағдайында жеке елдің қаржылық есептілігін аударудың механикалық әдістерін түсіну керек [6].

Стандарттау идеясы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет (ХҚЕСК) жүзеге асыратын бухгалтерлік есепті үйлестіру аясында жүзеге асырылады. Комитет бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын (ҚЕХС) әзірлейді және жариялайды. Бұл тәсілдің мәні кез-келген елдегі белгілі бір жағдайға қолданылатын стандарттардың бірыңғай жиынтығын жасау болып табылады, оның нәтижесінде ұлттық стандарттарды құру қажеттілігі жоғалады. Бірыңғай стандарттар заңмен емес, ерікті келісіммен қабылданады.

Бухгалтерлік есептің түрлі жүйелерін үйлестіру идеясы ЕО шеңберінде іске асырылады. Бұл идеяның мәні мынада: есепке алуды ұйымдастыру мен оны реттеуші стандарттар жүйесінің жеке моделі әрбір елде өмір сүре алады. Бұл стандарттардың ЕО-қа мүше елдерде ұқсас стандарттарға қайшы келмеуі, яғни салыстырмалы өзара үйлесімде болуы шарт болып саналады. ЕО елдерінде есепті дамыту тұжырымдамасын қалыптастыру үшін бухгалтерлік есеп мәселелерін зерттейтін зерттеу тобы құрылды. Топтың қызметі кәсіпорындар туралы заңның ұлттық нұсқаларын үйлестіру бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл жұмыстың нәтижелері бухгалтерлік есеп тұрғысынан ЕО-қа мүше әр елдің ұлттық заңнамасына енгізілген нормативтік құжаттарда жарияланған [7].

Профессор М.И. Куттер қаржылық есептілікті үйлестірудің елеулі және ресми тәсілдерін қарастырады. Қаржылық есептілікті үйлестірудің елеулі тәсілі бойынша есепке алудың ұлттық және халықаралық стандарттарын жақындастыру түсініледі, олар барлық мүмкін ұғымдарды, принциптерді, әдістерді, есепке алу және есептілік рәсімдерін және т.б. қамтиды. Содан кейін, осы негізде үйлестірілген қаржылық есептілік дайындалады.

Қаржылық есептілікті үйлестірудің ресми тәсілі ретінде басқа елдің немесе елдер тобының есеп қағидаттары мен стандарттарының қызмет етуі жағдайында жеке алынған елдің қаржылық есептілігін аударудың механикалық тәсілдерін түсіну керек [8].

Профессор М.И. Куттер бөліп көрсеткен қаржылық есептілікті үйлестіру тәсілдері мен түрлері төмендегі 1-суретте көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген үйлестіру тәсілдеріне қарап, қаржылық есептілікті елеулі және формальды үйлестіру бір-бірін өзара толықтыра отырып дами береді деп болжауға болады.

Зерттеу қаржылық есептілікті үйлестіру стратегиясын әзірлеудің бірқатар негізгі ережелерін тұжырымдауға мүмкіндік берді. Үйлестіру кезінде кейде айтарлықтай ерекшеленетін сипаттамалары бар ақпаратты (мысалы, өлшем бірліктері) біріктіру қажеттілігіне сүйене отырып, ең алдымен осындай қиын шоғырланудың негізіне алынуы мүмкін принциптерді анықтау қажет. Үйлестірудің мүмкін принциптерінің келесі тізімі қысқаша түсіндірмелерімен ұсынылды:

1. Өзектілігі/уақыттылығы – компанияның қазіргі және болжамды экономикалық тәуекелдерге уақтылы жауап беруін, сондай-ақ олардың кәсіпорынның әртүрлі аспектілеріне, оның ішінде қаржылық көрсеткіштерге, келісімшарттардың талаптарына және т. б. әсерін талап ететін соңғы оқиғалар аясында маңызды, салдарлар, тәуекелдер тұрғысынан көрсету.

2. Көп сатылы егжей-тегжейлі ақпарат – пайдаланушыға сілтемелер бойынша еркін өту мүмкіндігін ұсыну, оны қызықтыратын мәселе бойынша егжей-тегжейлі, логикалық қайшы емес, бірін-бірі толықтыратын, тиісті ақпарат алу мүмкіндігін ұсыну.

3. Стратегиялық фокус және болашаққа бағдар – экономикалық тәуекелдердің компанияның стратегиялық дамуына әсерін талдау және олар пайда болған жағдайда ұзақ мерзімді іс-әрекет жоспары.



Сурет-1. Қаржылық есептілікті үйлестіру түрлерін жіктеу  
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

4. Сценарийлік талдау – бірнеше ситуациялық нұсқаларды қарастыру, кем дегенде төртеу: оптимистік, ең ықтимал, пессимистік және ең сыни. Бұл жағдайда экономикалық тәуекелдерге байланысты ең мүмкін емес (парадоксальды) нұсқа ешқашан алынып тасталмайды.

5. Ақпаратты көрсету сапасын жақсарту және деректерді түрлендіру әдістері – жетілдірілген технологиялар арқылы үйлестірудің жаңа нұсқаларын іздеу.

Сондай-ақ, есеп беруді ҚЕХС-мен сәйкестігін тексеретін тәуелсіз реттеуші органды қалыптастыру қазіргі уақытта үйлесімділікті дамытудың бір жолы болып табылады. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін есеп саясатын құру мәселелерінде мамандарды неғұрлым егжей-тегжейлі теориялық білімдермен қатар практикалық дағдылармен оқытуға да баса назар аудару қажет.

**Қорытынды.** Қазіргі таңда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарға сәйкестігін тексеретін сыртқы органның болмауы туындайтын сәйкессіздіктерге ешқандай жауапкершіліктің болмауына әкеліп соғады. Мұндай органның жоқтығы ұлттық экономиканың іргетасына нұқсан келтіруі мүмкін. Елдің инвестициялық тартымдылығының өсу қарқыны және тұтастай алғанда дұрыс жұмыс істейтін нарықтық экономиканың дамуы баяулауы мүмкін. Елге инвестициялар ағынын ынталандыру жүйелі түрде ҚЕХС сәйкес қаржылық ақпаратты көрсету арқылы жүзеге асырылады, осылайша халықаралық инвесторларды тартып, нарықтық экономикада ондаған жылдар бойы қарқынды жұмыс істейтін елдер деңгейіне жетуге болады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. IAS 1 «Presentation of Financial Statements». [Электронды ресурсы] // IFRS [web-сайт]. – URL: <https://www.ifrs.org/issued-standards/list-of-standards/ias-1-presentation-of-financial-statements/> (қарау уақыты 10.09.2020)

2. Алисенов А. С. Международные стандарты финансовой отчетности : учебник и практикум для бакалавриата и специалитета / А. С. Алисенов. — 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2019. — 404 с.



3. IAS 8 «Accounting policies, changes in accounting estimates and errors». [Электронды ресурс] // IFRS [web-сайт]. – URL: <https://www.ifrs.org/issued-standards/list-of-standards/ias-8-accounting-policies-changes-in-accounting-estimates-and-errors/> (қарау уақыты: 10.09.2020).

4. «Концептуальные основы финансовой отчетности». [Электронды ресурс]. // «Параграф» ақпараттық жүйесі – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31504194#pos=5;-106](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31504194#pos=5;-106) (қарау уақыты 11.09.2020)

5. Кутер М.И. Теория бухгалтерского учета: Учебник. — 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Финансы и статистика, 2002. - 640 с.

6. Мошкалова Б.К., Аскарлов Д.С. Этапы реформирования бухгалтерского учета в Республике Казахстан // Многогранность оценки бизнеса: проблемы и перспективы в условиях формирования наукоемкой экономики. – 2014. – Алматы. Экономика

7. Колесник Н.Ф., Байбикова Д.К. Совершенствование нормативной базы бухгалтерского учета и отчетности в России // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2016. №5-2. С.68-70.

8. Кутер М.И. Бухгалтерская (финансовая) отчетность: Учебное пособие / М. И. Кутер, И. Н. Уланова. - М.: Финансы и статистика, 2006. - 232 с.

#### REFERENCES

1. IAS 1 “Presentation of Financial Statements”, available at: <https://www.ifrs.org/issued-standards/list-of-standards/ias-1-presentation-of-financial-statements/> (accessed: September 10, 2020).

2. Alisenov A. S. Mezhdunarodny'e standarty` finansovoj otchetnosti: uchebnik i praktikum dlya bakalavriata i specialiteta / A. S. Alisenov. — 2-е изд., перераб. i dop. — М. : Izdatel'stvo Yurajt, 2019. — 404 s. (in Russian)

3. IAS 8 “Accounting policies, changes in accounting estimates and errors”, available at: <https://www.ifrs.org/issued-standards/list-of-standards/ias-8-accounting-policies-changes-in-accounting-estimates-and-errors/> (accessed: September 10, 2020).

4. «Konceptual'ny'e osnovy` finansovoj otchetnosti». available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31504194#pos=5;-106](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31504194#pos=5;-106) (accessed: September 11, 2020) (in Russian).

5. Kuter M.I. Teoriya buhgalterskogo ucheta: uchebnik [Theory of accounting: textbook]. (2 izd., pererab. i dop. –Finansy i statistika, Moscow, 2002, 640 p. (in Russian)

6. Moshkalova B.K., Askarov D.S. E'tapy` reformirovaniya buhgalterskogo ucheta v Respublike Kazaxstan // Mnogogrannost` ocenki biznesa: problemy` i perspektivy` v usloviyax formirovaniya naukoemkoj e`konomiki. – 2014. – Almaty`. E`konomika

7. Kolesnik N.F., Bajbikova D.K. Sovershenstvovanie normativnoj bazy buhgalterskogo ucheta i otchetnosti v Rossii [Improving the regulatory framework for accounting and reporting in Russia] // Aktual'nye problemy gumanitarnyh i estestvennyh nauk [Actual problems of Humanities and natural Sciences]. №5-2. 68-70 (2016) (in Russian).

8. Kuter M.I. Buhgalterskaja (finansovaja) otchetnost': uchebnoe posobie [Accounting (financial) reporting: textbook] / M. I. Kuter, I. N. Ulanova. (Finansy i statistika, Moscow, 2006, 232 p.) (in Russian).

### ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ И МЕЖДУНАРОДНЫХ СИСТЕМ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В УСЛОВИЯХ ГАРМОНИЗАЦИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ

*С.С. Сапарбаева<sup>1\*</sup>, Ж.М. Жумағалиева<sup>2</sup>, Б.О. Туребекова<sup>3</sup>*

<sup>12</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан*

<sup>3</sup>*Казахский университет технологии и бизнеса, Нур-Султан, Казахстан  
e-mail: saulet71@mail.ru*

**Резюме.** В данной статье рассмотрены роль и значение международных стандартов финансовой отчетности как важнейшего элемента стандартизации и гармонизации системы бухгалтерского учета. Гармонизация предполагает непротиворечивость стандартов учета каждой страны аналогичным стандартам в странах-членах сообщества, то есть относительную «гармонию» друг другу. Под стандартизацией учетных процедур понимается разработка унифицированного набора стандартов, применимых в любой стране, в результате чего отпадает необходимость создания национальных стандартов.

**Ключевые слова:** финансовая отчетность, гармонизация, стандартизация, международные стандарты финансовой отчетности, международные отношения, бухгалтерский учет.



## FEATURES OF DEVELOPMENT OF NATIONAL AND INTERNATIONAL ACCOUNTING SYSTEMS IN THE CONTEXT OF HARMONIZATION OF ECONOMIC PROCESSES

S.S. Saparbayeva<sup>1\*</sup>, Zh.M. Zhumagaliyeva<sup>2</sup>, B.O. Turebekova<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

<sup>3</sup>Kazakh University of Technology and Business, Nur-Sultan, Kazakhstan

*e-mail:* [saulet71@mail.ru](mailto:saulet71@mail.ru)

**Summary.** This article considers the role and significance of international financial reporting standards as an essential element of standardization and harmonization of the accounting system. Harmonization implies that the accounting standards of each country are consistent with those of the member States of the community, i.e. they are relatively “in harmony” with each other. Standardization of accounting procedures refers to the development of a unified set of standards applicable in any country, which eliminates the need to create national standards.

**Key words.** Financial reporting, harmonization, standardization, international financial reporting standards, international relations, accounting.

МРНТИ 06.35.31

УДК 657.1:338.46

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.06>

## ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УЧЕТА ЭКСПЛУАТАЦИОННЫХ ЗАТРАТ ПРОМЫВочно-ПРОПАРочной СТАнЦИИ

К.Т. Тайгашинова\*, А.К.Ержанов

Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан

*e-mail:* [tk44@mail.ru](mailto:tk44@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматриваются современные организационные и практические аспекты управленческого учета эксплуатационных затрат на практике функционирования промывочно-пропарочной станции в условиях конкурентного преимущества. На практической деятельности промывочно-пропарочных станций (ППС) «Акжайык» авторами на базе изучения всей цепочки технологического процесса промывки и пропарки транспортных средств по перевозке грузов показана актуальность разработки методических и практических рекомендаций по совершенствованию учетной процедуры эксплуатационных затрат и представления внутренней отчетности для принятия оптимальных и эффективных управленческих решений. Авторами рекомендована внутренняя форма отчетности о результатах деятельности промывочно-пропарочного цеха за смену по месяцам, которая позволяет своевременно и оперативно отслеживать эффективность затрат по технологическим процессам и принять правильных управленческих решений. Также предложена авторами методика определения процента отчислений на покрытие заготовительно-складских расходов на аналогичных станциях железнодорожного транспорта.

**Ключевые слова:** управленческий учет, эксплуатационные затраты, промывочно-пропарочная станция, отчетность, заготовительно-складские расходы, материальные запасы.

**Основные положения.** Проблемы совершенствования управленческого учета логистических издержек, в том числе эксплуатационных затрат, до сих пор является актуальной, так как от правильной и системной организации внутреннего учета указанных затрат в большей степени зависит экономический успех компаний в конкурентной среде оказания сервиса логистических услуг.

**Введение.** Стратегия развития рынка в современных условиях влияет на развитие топливно-энергетического комплекса Республики Казахстан, оказывает содействию переработки нефти. В связи с тем, что большая часть нефтедобывающей промышленности сконцентрирована в трех регионах республики, одним из которых является Атырауская область, занимающая ведущее место по нефтяным запасам, примерно 1/3 территории страны, и являющаяся старейшим нефтедобывающим регионом, то именно там находится структурное подразделение железнодорожного транспорта, занимающееся промывкой и пропаркой цистерн под налив нефтепродуктов.

В связи с увеличением объемов производства нефтепродуктов и налива нефти в настоящее время большое значение приобретает качественная и своевременная подготовка вагон-цистерн к наливу нефтепродуктов на промывочно-пропарочных подразделениях. Опыт передовых Промывочно-пропарочных станций (ППС) как одной из отраслей железнодорожного транспорта показывает, что правильная организация и высокое качество технического обслуживания вагонов позволяет обеспечить высокую надежность и бесперебойную работу их в эксплуатации. Основным показателем работы промывочно-пропарочных станций (ППС)